



# TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//3 ЖЕЛТОҚСАН 2020 ЖЫЛ

ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ

## Орталық сайлау комиссиясы: ҮМІТКЕРЛЕР МЕН БАЙҚАУШЫЛАР ТІРКЕЛДІ

Кеше Орталық сайлау комиссиясының отырысы өтті. Оған саяси партиялардың, Бас прокуратураның, әділет, ішкі істер және қаржы министрліктерінің өкілдері, бейне-байланыс режимінде аумақтық сайлау комиссиялары, онлайн режимінде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

БЕКЕТ КӨКЕНАЙҰЛЫ

Отырыстың күн тәртібінде 2021 жылғы 10 қаңтарға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауына «Nur Otan» партиясының партиялық тізімін тіркеу және осы сайлауға халықаралық ұйымдардың байқаушыларын аккредиттеу туралы мәселе қаралды.

Отырысты ашқан Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Берік Иманшев Мәжіліс депутаттарына кандидаттардың партиялық тізімдерін ұсыну мерзімі 30 қарашада сағат 18.00-де аяқталғанын еске салды. Партиялық тізімдерді Орталық сайлау комиссиясына бес саяси партия ұсынды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша баяндама жазаған Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Асылбек Смағұл осы жылғы 26 қарашада Орталық сайлау комиссиясына «Nur Otan» партиясы» қоғамдық бірлестігі Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлауға кандидаттарды ұсыну туралы құжаттарды ұсынғанын хабарлады. Осы ретте соңғы 10 жыл ішінде ел аумағында тұрған, жасы 25-тен асқан, белсенді сайлау құқығына ие Қазақстан Республикасының азаматы Мәжіліс депутаты болып



сайлау үшін кандидат болып тіркеле алады.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 89-бабына сәйкес бір саяси партиядан кезекті сайлауға адамдардың саны саяси партиялар арасында бөлінетін депутаттық мандаттардың белгіленген санынан отыз пайызға аспайтын бір ғана тізімді тіркеуге жол беріледі.

Партиялық тізімде өйелдер мен жиырма тоғыз жасқа толмаған адамдардың саны оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде отыз пайызын құрауға тиіс. «Nur Otan» партиясы қоғамдық бірлестігінің партиялық тізімінде 126 адам бар. Оның 40-ы өйелдер мен жиырма тоғыз жасқа толмаған адамдар, олар тізімге енгізілгендердің жалпы санының 31,7 пайызын құрайды.

Үкілетті органдар ұсынған мәліметтер негізінде Орталық сайлау комиссиясы партиялық тізімге

енгізілген үміткерлердің Конституция мен «ҚР сайлау туралы заңы» талаптарына сәйкестігін анықтады. Осыған байланысты, Орталық сайлау комиссиясы «2021 жылғы 10 қаңтарға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауына «Nur Otan» партиясының партиялық тізімін тіркеу туралы» қаулы қабылдады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Анастасия Щегорцова баяндама жасады. Ол «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 20-2-бабына сәйкес шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың байқаушыларын аккредиттеуді Орталық сайлау комиссиясы Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша жүзеге асыратынын атап өтті.

Қарашаның 20-сында Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бой-

ынша Орталық сайлау комиссиясы ТМД Парламентаралық ассамблеясынан 29 байқаушыны аккредиттеді. 25 және 26 қарашада Сыртқы істер министрлігінен түскен 10 байқаушыны аккредиттеу туралы ұсыныс бойынша 6 байқаушы – Түзеліс мемлекеттер достастығынан байқаушылар комиссиясы құрамында; 4 байқаушы – Ислам ынтымақтастығы ұйымы комиссиясынан аккредиттелді.

Баяндалғанды ескере отырып, Орталық сайлау комиссиясы «2021 жылғы 10 қаңтарға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі және мәслихаттары депутаттарының кезекті сайлауына халықаралық ұйымдардың байқаушыларын аккредиттеу туралы» қаулы қабылдады.

А. Щегорцова аккредиттеуге ұсыныстардың келіп түсуіне қарай байқаушылар бойынша деректер жаңартылып отыратынын атап өтті.

ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫ

| АКЦИЯЛАР     | Risers         | Last     | %Δ1D  | %Δ1M   |
|--------------|----------------|----------|-------|--------|
| HSBK         | 02.12.20 12:04 | 124,80   | +2,30 | +14,31 |
| KCEL         | 02.12.20 12:01 | 2748,99  | +0,70 | +1,07  |
| KZTO         | 02.12.20 12:04 | 903,70   | +0,40 | +12,96 |
| KZTK         | 02.12.20 11:58 | 26200,00 | +0,27 | +4,77  |
| KEGC         | 02.12.20 11:55 | 1699,90  | +0,05 | +1,37  |
| KASE Индексі | 02.12.20 11:58 | 2597,18  | +0,42 | +5,81  |

| АҚША НАРЫҒЫ   | Symbol         | Last  | %Δ1D  | %Δ1M  |
|---------------|----------------|-------|-------|-------|
| MM Index      | 30.11.20 17:02 | 9,90  | -0,27 | +1,58 |
| TONIA         | 30.11.20 16:57 | 9,90  | -0,35 | +1,53 |
| SWAP-1D (USD) | 30.11.20 17:04 | 9,80  | +0,27 | +2,40 |
| TWINA         | 02.12.20 11:53 | 9,01  | -0,02 | +0,27 |
| SWAP-2D (USD) | 30.11.20 17:04 | 10,00 | 0     | +2,59 |

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

| Deals   | Yield | DTM |
|---------|-------|-----|
| MFOKB1  | 19.55 | -   |
| SKKZB11 | 10.25 | -   |
| KZIKb27 | 10.10 | -   |
| BTASe16 | 0.00  | -   |
| BRKZe10 | 8.95  | -   |
| BASPb5  | 11.50 | -   |

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

| Deals       | Yield | DTM |
|-------------|-------|-----|
| MUM156_0006 | 10.55 | -   |
| MKMO12_0148 | 8.75  | -   |
| MUM132_0005 | 9.50  | -   |
| KZ_07_2507  | 1.10  | -   |
| KZ_05_2410  | 2.27  | -   |
| NTK028_2685 | 8.81  | -   |

ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

| Индекстер | KASE     | FTSE 100 | CAC 40  | S&P 500 | Dow Jones | Nikkei 225 | DAX      | SSE Comp |
|-----------|----------|----------|---------|---------|-----------|------------|----------|----------|
|           | 2 586.34 | 6384.73  | 5582.48 | 3663.56 | 29823.92  | 26787.54   | 13389.49 | 3451.94  |
|           | -0.03%   | 1.16%    | 1.16%   | 1.62%   | 0.63%     | 1.34%      | 0.74%    | 1.77%    |

| Тауарлар | Мұнай  | Алтын    | Платина | Палладий | Никель    | Алюминий | Күміс  |
|----------|--------|----------|---------|----------|-----------|----------|--------|
|          | 47.42  | 1 762.55 | 979.00  | 2 400.00 | 14 423.00 | 1 770.50 | 22.15  |
|          | -0.36% | -0.94%   | 3.16%   | 1.61%    | -0.61%    | -0.53%   | -4.28% |

| Валюта нарықтары | USDKZT | EURKZT | USDRUB  | USDUAN  | USDYBN | EURUSD | GBPUSD |
|------------------|--------|--------|---------|---------|--------|--------|--------|
|                  | 425.05 | 509.29 | 75.8453 | 28.5225 | 2.5850 | 1.2073 | 1.3415 |
|                  | 0.00%  | 0.00%  | -0.73%  | 0.15%   | 0.24%  | 0.02%  | -0.00% |

КӘСІПКЕРЛІК

### Салықтан босатылды



Батыс Қазақстан облысында 35 мыңға жуық микро және шағын бизнес субъектілері салықтан босатылды. Бұл акция биылғы жылдан бастап 2023 жылға дейін жалғаспайды.

ГУЛЪАРШЫН ӘЖІГЕРЕЕВА

БКО кірістер департаментінің талдау және тәуекелдер басқармасының басшысы Жаннат Шайхиваның айтуынша, осы үш жыл ішінде

кәсіпкерлік өкілдері 12 млрд теңге көлемінде салықтарды төлеуден босатылып, үнемделген қаржы-қаражат кәсіпкерлікті дамытуға жұмсайды. 2020 жылғы 1 қазаннан бастап 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін «0» коэффициентін кәсібі зейнетке қажетті медициналық алуеметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша жарналар мен аударымдар (жеке кәсіпкер өзі үшін төлейтіндерден басқа)

бойынша қолдануды ұзарту ҚР Үкіметінен қарастырылған.

— Микро және шағын кәсіпкерлік субъектілері деп отырғанымыз мыналар: микро бизнеске жұмыс істейтін адам саны 15-тен аспайды, жылдық табысы 83 млн теңге көлемінде болады, ал шағын кәсіпкерлік субъектілерінде 100 адамға дейін еңбек етеді, жылдық табысы 833 млн теңгеден аспауы тиіс. Қазіргі коронавирус індетіне байланысты Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне өздерінің жұмысшыларына төленетін жалақыларына және басқа да төлемдеріне салынатын салықтарға жеңілдіктер берілді. Салықтан босатылмайтын салық төлеушілері де бар. Олар — жер қойнауын пайдаланушылар, акциялардың өнім өндірушілері, ойын бизнесі және сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар, — делі Жаннат Шайхива.

Батыс Қазақстан облысы

АХКО



### Құқық қолдану саласындағы ынтымақтастық

АХКО-ның қаржылық қызметтер көрсетуі реттеу жөніндегі комитеті IOSCO-ның құқық қолдану саласындағы трансшекаралық ынтымақтастық қатысты Кеңейтілген жоғары деңгейдегі оқу туралы меморандумына қол қоюшы болды.

«Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХКО) қаржылық қызметтер көрсетуі реттеу жөніндегі комитетінің (АФСА) Кеңес беру мен ынтымақтастық және ақпарат алмасу туралы бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымының (IOSCO) Кеңейтілген жоғары деңгейдегі оқу туралы меморандумына (EMMoU) қол қойғандығы туралы шешім биыл 9-18 қараша аралығында өткен IOSCO жыл сайынғы жиналысының аясында қабылданды.

> [ 4 ]

# БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

## АПТА ТЫНЫСЫ

### ► Парламент

#### Уран өндіруге қатысты құжат мақұлданды



**Мәжілістің жалпы отырысында «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Кодексіне уран өндіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды.**

Мәжілістің Экология мәселелері және табиғатты пайдалану комитетінің мәліметінше, заң жобасы «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің құқықтық қолдану барысын-

да туындаған олқылықтарды жоюға бағытталған.

Заң жобасында: уран өндіру кезеңін ұзарту рәсімін жетілдіру; жер қойнауын пайдаланушыларға уран өндіру кезеңінде геологиялық құрылымдарды және уран кен орны қорларын нақтылау мақсатында өндіру учаскесін жете зерттеуді (жете барлауды) жүргізу мүмкіндігін беру; уран өндірудің тоқтатылуына өнеркәсіптік жобаларына қойылатын талаптар; уран өндіру саласындағы жобалау құжаттарына мемлекеттік сараптама жүргізу тетігін

айқындау көзделген. Заң жобасымен жұмыс істеу барысында жұмыс тобының мүшелері: жобалау құжаттарына және игеру таллауларына тәуелсіз сараптама ұйымдастыру және жүргізу шығындарын өтеуі; уран кен орны қорлары көлемінің өсімі бастапқы көлемнен 30 және одан да көп пайызға артаған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушының өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған жобаны іске асыру жөніндегі қосымша міндеттемелеріне қатысты түзетулер енгізілді.

### ► Түрленген Түркістан

#### Әуежай алғашқы жолаушыларды қабылдады



Түңғыш Президент күніне орай отандық дождерлер Fly Arystan компаниясы Түркістан мен Нұр-Сұлтан қалалары арасындағы тұрақты рейсін бастады. Түркістан халықаралық әуежайына Hazret Sultan Airport есімі берілген.

Ғимараттың жалпы ауданы 903,3 гектар, жолаушылар

терминалының ауданы – 10,5 мың шаршы метр, ұшу-қону жолағының көлемі – 3 300x45 метр, өткізу қабілеті сағатына 450 жолаушыны құрайды. Әуежай Түркістан қаласынан шығысқа қарай 20 шақырым жерде орналасқан. Әуежай коды: ICAO-UAIT, IATA-HSA. Әуежай терминалының ауданы 10,5 мың шаршы метрді

құрайды. Терминал жылына 3 миллионға жуық жолаушыға қызмет көрсете алады. Нысан «ашық аспан» режимінде жұмыс істейді және алғашқы халықаралық рейстерін Ыстанбұл мен Дубай қалаларына ашу жоспарланған.

«Бірінші кезеңде Түркістан қаласының жаңа халықаралық әуежайынан «Fly Arystan», «Qazaq Air» және «SCAT» әуе компаниялары Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларына күнделікті рейстер орнайды және түркі әлемінің рухани орталығы ретінде Түркістан Қазақстанның басқа облыс орталықтарымен байланысады. Халықаралық бағыттардың ішінде ең алдымен Ыстанбұл, Дубайға рейстер ашу жоспарланып отыр. Болашақта Мәскеу, Баку, Самарқанд және басқа қалаларға рейстер ашылатын болды», — деп хабарлады Азаматтық авиация комитеті.

### ► Өңір өрісі

#### Энергия тапшылығын жоятын жобалар

Инвестициялық жобалардың арқасында үнемі энергия тапшылығын көріп отырған Жамбыл өңіріндегі энергетикалық тәуелсіздігін арттыруы көзделіп отыр. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев айтты.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі берген мәліметке сәйкес, жыл басынан бері өңірде құны 25,7 миллиард теңгені құрайтын жеті инвестициялық жоба жүзеге асырылған. Оның ішіндегі екі жоба – жалпы қуаты 9 МВт болатын «Wind Power City» ЖШС мен «Wind Electricity» ЖШС жел электр станцияларының құрылысы.

«Жалпы осы жылды облыста қуаты 133,8 МВт болатын, құны 54,5 миллиард теңгені құрайтын бірама-лы электр қуатын өндіретін



төрт жоба жүзеге асырылуда. Жобалар аяқталғаннан кейін жанарғылатын энергия көздерінің жалпы қуаты 403,65 МВт-ты құрайды. Нәтижесінде олардың үлесі өндірілетін электр энергиясының жалпы көлемінің 30 пайызына дейін артады», — деді аймақ басшысы.

Электр энергиясын өндіруді арттыру – бұл өнеркәсіптік өндіріс пен тауарлық кәсіпкерлікті дамытуға қарқын қосып, алға ұмтылып жатқан аймақ экономикасының маңызды құрамдас бөлігі. Мәселен, тек «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында 73 миллиард теңгенің 147 жобасы мақұлданды және 49,1 миллиард теңгеге 136 жоба несиелендірілген.

### ► ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Үкіметте агроөнеркәсіптік кешенді және жер қатынастарын цифрландыру барысы қаралды. Олар бөлек, мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау мәселелері талқыланды. Премьер-министр А.Мамин бұл бағыттағы іс-қимылдар жоспарын нысықтап, тиісті тапсырмаларды белгіледі.

#### БОТАҒӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Nur Otan партиясының сайлауалды жана бағдарламасында АӨК-тегі еңбек өнімділігін 2,5 есе өсіріп, өнім экспортын екі есе ұлғайту міндеті қойылған, бұл ретте оның 70%-ы өңделген болуы керек. Сондай-ақ жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің көлемін 1,3 есе ұлғайту қажет. 5 жыл ішінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 50 млрд теңге 100 млн гектардан астам ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді цифрландыруға инвестицияланады. Өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы цифрландыру жиналатын астық пен мал шаруашылығы өнімін 20%-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Ал фермерлер шығынының қысқаруы –15%-дан асады. Алдағы уақытта цифрландыру есебінен астық жинау жылына 25 млн тоннаға дейін ұлғаймақ. Қазірде жер қатынастарын цифрландыру аясында жер телімдері, құрылыстар мен ғимараттар жөніндегі деректерді қамтитын Жылжымайтын мүліктің бірінші мемлекеттік қаластырын құру жұмысы жүргізіліп жатыр. Үкімет Парламентке тиісті заң жобасын енгізді, ол көптеген қызметтерді электрондық форматқа көшіруге, жер телімдерін беру тәртібін жеңілдетуге және жалпы халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға жол ашарды.

Үкімет басшысы атап өткендей, алға қойылған міндеттерге қол жеткізудегі басты құралдардың бірі – еліміздің агроөнеркәсіп кешенін толық цифрландыру. Ол өнім өндіруге жұмсалатын шығындарды азайтуға, оның сапасы мен бәсекесіз қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы ретте А.Мамин ауыл шаруашылығы және цифрлық даму министрліктеріне, сондай-ақ өңірлердің әкімдіктеріне бір ай ішінде АӨК және жер қатынастарын одан әрі цифрландырудың жол картасын әзірлеуді тапсырды. Сонымен бірге келесі жылы жер қатынастарын цифрландыру жөніндегі жұмысты аяқтау, жер учаскелерін ресімдеу процесінің ашықтығын қамтамасыз ету және оларға құжаттар беру мерзімін 1 жылдан 20 күнге дейін қысқарту тапсырылды.



#### Сандық агроөнеркәсіп, әлеуметтік оңалту: Шаралар берік болса – нәтиже биік

Nur Otan партиясының жаңа бағдарламасына сәйкес, алдағы 5 жылда жұмыспен қамтылған мүгедектігі бар адамдардың үлесі 30%-ға өсуі тиіс және де олар медициналық оңалтумен 100% қамтылады. Мүмкіндігі шектеулі жандардың құқығын қорғау және тұрмыс сапасын жақсарту үшін Қазақстанда 2025 жылға дейінгі мүгедектер аясындағы әлеуметтік қамсыздандыруға 448 млрд теңге жұмсалды. Бұл өткен жылғыдан 12%-ға көп. Түңғыш рет мүгедектер арбаларын жасайтын отандық өндіріс іске қосылды. Бұл аталған арбаға мұқтаж адамдарды бес жыл ішінде толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мүгедектігі бар адамдарға ұсынылатын кәсіптер мен жұмыстар анықтамалығы әзірленіп жатыр. Мүмкіндігі шектеулі жандарды медициналық оңалтумен қамту үлесі биыл 60%-ға дейін, 2021 жылы 75%-ға дейін арттырылады. Көлік саласында оны мүмкіндігі шектеулі жандар пайдалана алуы үшін елеулі жұмыс атқарылды. Жол жүру үшін жеңілдікті жағдайлар жасалды. Вокзалдардың 93%-ы мүгедектерге қызмет көрсету талаптарына сәйкес келеді. Барлық жолаушылар пойыздары 100% мүгедек арбаларымен жабдықталған.

Премьер-министр мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау – мемлекет баса көңіл аударатын өте маңызды мәселе екендігіне тоқталып, мүгедек жандарға қолайлы орта құрудың маңыздылығына назар аудар-

ды. А.Мамин жыл соңына дейін мүмкіндігі шектеулі жандар үшін 100% кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі жол картасын әзірлеуді тапсырды. Әкімдіктерге мүмкіндіктері шектеулі жандарды Әлеуметтік қызмет көрсету порталы арқылы оңалту құралдарын алу дағдыларын оқытуды жандандыру, Цифрлық даму министрлігімен бірлесіп, Жұмыспен қамту орталықтары мен ХҚКО-ларда мүгедек адамдар үшін өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарын ұлғайту тапсырылды. Денсаулық сақтау министрлігіне әкімдіктермен бірлесіп, мүгедектіктің алдын алу үшін сырқаттарға диагностиканы ерте жүргізуге көңіл бөле отырып, мүгедектерге оңалту көмегін күшейтеу, салынып жатқан барлық оңалту орталықтарына уақытылы пайдалануға беруді қамтамасыз ету жүктелді. Ал Білім министрлігі әкімдіктермен бірлесіп, келесі жылы балаларды инклюзивті біліммен қамтуды 50%-ға дейін кеңейтуі, білім беру бағдарламаларының мазмұнын және педагогтардың даярлауды өзектендіруі, түзеу кабинеттері желісін және психологиялық-медициналық және педагогикалық комиссиялардың қызметін кеңейтуі тиіс. Сонымен қатар Индустрия министрлігіне мемлекеттік органдармен және өңірлердің әкімдіктерімен бірлесіп, вокзалдарда жаңғыртуды аяқтау және қоғамдық автобус паркін мүмкіндігі шектеулі жандарға қызмет көрсету талаптарына толық сәйкестендіру тапсырылды.

### ► ТУҒАН ЖЕР



#### «БҰҚТЫРМА» СУ ҚОЙМАСЫ

Бұқтырма су қоймасы – Өскемен қаласының маңындағы Ертіс өзенінің бойында орналасқан. Су қоймасы қарағайлы орманмен қоршалған және Ертіс пен Зайсан көлінен отетін 2 учаскені қамтиды. Ол 1960 жылы құрылған, содан бері Шығыс Қазақстан облысы тұрғындары мен қонақтары арасында сүйікті орынға айналған. Мұнда көптеген демалыс орындары жұмыс істейді, от пен судан сақтандыру шаралары да өте жақсы қамтамасыздандырылған. Онда әрбір келушіні жайлылық, жаңға жай демалыс және кез келген талғамға сай сауықтар күмуді!



**БИЗНЕС&ҚОҒАМ**

▶ АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

**Үш мектеп ғимараты жаңарды**

Биыл Ақ Жайық өңіріндегі Таскала ауданындағы үш мектеп ғимараты күрделі жөндеуден өтіп, қараша айында пайдалануға тапсырылды. Мектептердегі құрылыс жұмыстарына отандық және жергілікті материалдар пайдаланылды.



Атамекен ауылдық округіндегі Атамекен орта мектеп-бөбекжай-бақша кешенінде білім алатын оқушылар саны биыл 90-нан 100-ге жеткен. Мектеп жаңында балабақша жұмыс істейді. Бөбекжай-бақшада 60 балақан тәрбиеленуде. Мектепте үл-қызды елжандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелейтін жәдігерлермен қамтылған тым тәуір музей жұмыс істейді. Қазір мұнда «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында мердігер күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтағаны отыр. Білім ұясының ғимараты 1956 жылы бой көтерген. Кейін 7 жылдан кейін ғимаратқа жалғастырылып сәулет салынған. Әбден өскірген ғимараттың қабырғалары, енді жаңартылып, электр жүйесі, телекоммуникациялық желісі түгелдей жаңадан тартылған. Сонымен қатар бейнебақылау камералары, өрт жағдайында іске қосылатын дабыл құрылғысы мен мектеп айналасында бұрын болмаған жарық диодты шамдар орнатылған. Мұндай жарықтандыру жұмыстары өзге мектептердегі күрделі жөндеулерде қарастырылмаған. Қазандықтан мектепке дейінгі жылу желісі құбырлары да жаңаланған. Бұрын жылу құбырлары мектептің дәлізінің ішін бойлай «сулап» жататын. Қазір оның барлығы жер астымен тартылған. Мектептің ғимаратындағы жөндеу жұмыстары аяқталып, енді пайдалануға тапсыру үшін құжаттары реттелеуде.

Аудандағы жаңадан салынған мектептерден өзге білім ұяларының ғимараттарында өрт қауіпсіздігі

жұмыстарынан кейін жап-жарық, жарқыраған білім ұялары айыппұл төлеуден құтыла береді», – деді аудандық білім бөлімінің басшысы Айгүл Қасымова.

Ақтау ауылдық округіндегі Ақтау орта мектеп-бөбекжай-бақша кешені 624 балаға арналғанымен онда бүгінде 160 үл-қыз білім нәрімен сусындауда. Балабақшада 40 баладан тәрбиеленуде. Жөндеуге дейін мектеп асханасының іші санитарлық талаптарға жауап бермейтін, жергелесінен едені опырыла бастаған-тұғын, жөнді сантехникасы да болмады. «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында мердігер мектеп ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстарын барынша сапалы атқарды. Жақында құрылыс нысаны пайдалануға тапсырылмақ. Қазіргі уақытта асхананың іші мүлдем өзгеріп, жаңарған. Спортзалдың едені қос қабат болып жаңадан салынды. Ішкі және сыртқы жарықтандыру жүйесі жаңартылып, ғимарат айналасына абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Мектепке күрделі жөндеу жұмыстары басталғанын естіген

мектеп түлектері өздері келіп, көмек қолдарын созғаны қуантады. Балабақшаға мектеп түлектерінің бір тобы жиі, екінші тобы әр сыныпқа жалғыз сыйға тартқаны білім ұясына, білімге деген құрметтері болса керек. Мектепке жөндеу жүргізілуі тұрғындардың санасына әсер етіп, олардың бірліктерін нығайтып деуге болады.

Айгүл Қасымованың айтуына қарағанда, мектептердің жөндеу жұмыстары жоба бойынша екі айда бітуі тиіс болатын. Алайда коронавирус індетінің өршуіне әрі шекаралардың жабылуына байланысты жөндеу жұмыстары баяу жүргізілген. Енді құрылыс жұмыстары аяқталып, пайдалануға берілімек. Білім аудандағы 4 мектепке 50 млн теңгеге компьютер сатып алынған. Жөндеуден өткен білім ұяларына 14 млн теңгеге жиһаз, парталар мен отырғыштар, шақфар сатып алынып, ішінара жаңартылған. Мектеп жиһазы оралдық және шымыкенттік өндірістердің қолынан шыққан. Пластикпен есік-терезелер тасқалалық жеке кәсіпкердің өнімдері.

Өткен жылы аудан орталығындағы екі мектеп ғимараты (С. Жақығұлов, К. Сәтбаев атындағы мектептер) жөндеуден өткен. Биыл жөндеуден өтіп жатқан білім ошақтары қосқанда аудандағы барлық 18 мектептің бесеуі ғана жөндеу көрген. Қазір Аманкелді, Мерей орта мектептері және Мерей ауылдық округіндегі «Айгөлек» балабақшасының ғимараттарын жөндеуден өткізуге құрылыс жұмыстарының жобасы жасатқалауда. Достық ауылдағы мектептің, Тасқаладағы бір балабақшаның жобалық-сметалық құжаттамасы дайын, мемлекеттік сараптамадан өтуде.

Гүлбаршан ӘЖІГЕРЕЕВА,  
Батыс Қазақстан облысы

ЭЛЕМДІК АҚПАРАТ

**Moody's**

Moody's банктер қосылуын болжайды

Өткен жума, 27 қарашада Moody's агенттігі қазақстандық журналистермен елдегі банк секторына арналған онлайн-брифинг өткізді. Онда халықаралық агенттік банктер секторындағы жағдайына баға беріп, 2021 жылға болжамын жария етті.

Халықаралық агенттіктің сарапшылары қазақстандық банктердің қарыз қоржындарындағы корпоративтік қарыздарының көлемі соңғы 10 жылда әжептәуір төмендегенін атап көрсетеді. Егер 2011-2013 жылдары бұл 60%-ға жетсе, қазіргі кезде корпоративтік кредиттер үлесі 30% төмен ығысқан.

Бұл орайда бөлшек кредиттеу үлесі екі есеге жуық – 20%-дан 40%-ға жуыққа дейін артып. ШОБ секторын кредиттеу үлесі де айтарлықтай жоғары – 30% деңгейінде қалып отыр. Коронавирус індеті аясында, халықтың табыстары мен бизнестің, әсіресе шағын бизнестің, табысы төмендеп жатқан жағдайда банктік қарыз қоржынының сапасы нашарлап кеткен және бұл көзделісше қатерлі күйді, дейді сарапшылар. Олар Jysan Bank пен АТФБанк бірігіп жағдайына да бағасын берген. «Біз мұндай мәміле – Jysan Bank-тың акционер ретінде капиталды көбірек болуы көзқарасы тұрғысынан келгенде – АТФБанк соншама болмауы салдарынан, соларға тиімдірек деп санаймыз», дейді Moody's сарапшысы Светлана Павлова.

**FitchRatings**

Fitch «Сбербанк» АҚ Еншілес банк рейтингін растады

Халықаралық Fitch агенттігі «Сбербанк» АҚ Еншілес банк рейтингін ВВВ-Турақт деңгейінде растады. Айта кету керек, бұл рейтингтер – Қазақстан ЕДБ-тері арасындағы ең жоғарыларының бірі. Ал бұл аталған эмитенттің жоғары сенімділігі мен төлей алуға қабілеттілігін айқын дәлелдейді.



«Сбербанк» АҚ ЕБ рейтингтерін бекітуде агенттік – рейтингі «ВВВ» (болжамы «Турақты») деп дәлелденген, негізгі акционері болып табылатын – «Сбербанк России» ПАО (публикалық акционерлік қоғам – ред.) банкке қолдау көрсетуде аса дайын екендігін бағалап отыр.

Сондай-ақ агенттік негер жүйе мен еншілес ұйым арасындағы өзара іс-қимылдың жоғары деңгейдегі ықпалдылығын атап көрсетті. Агенттік «Сбербанк России» ПАҚ үшін ТМД аймағының стратегиялық бөліктерін бағалап отыр. Осы ретте Fitch «Сбербанк» АҚ ЕБ-нің тұрақтылық рейтингін «bb-» деңгейінде бекіткенін де айта кету керек.

**ОПЕК**

ОПЕК-пен келісім күрделене түскен

2021 жылдың қаңтарынан мұнай өндірудің, артыруды айтай-ақ қойғанда, ағымдағы квоталарын ұзарту туралы ОПЕК-пен келісімдер оңай болмайды деп мәлімдеді Иранның мұнай министрі Бижан Зангане. Бұл туралы өзінің Twitterдегі блогында ирандық журналист Реза Занди (Reza Zandi) жазды.

«Біз үшін бұл мәжіліс оңай болмағаны тұр. Кейбір қатысушылар ағымдағы квотаға қарсы шығуда, – дейді Зангане. – Менің естігенім, БАӘ ағымдағы 7,7 млн б/т көлемін есептегенде емес, 2021 жылдың алғашқы үш айында мұнай өндіруді тәулігіне 7,2 млн баррельге төмендетуді ұсынады».

«Менің түсініуімше, қысқартуға қарсы біркәрт әлдер бар, олар – Ресей, БАӘ және Қазақстан» деген ирандық министр сөзін жариялаған журналист өз блогында.

Бағыр РАХМЕТҮЛЛИН



**Жабдықтау жүйесімен танысты**

Энергетика министрі Нұрлан Ноғаев пен Қызылорда облысының әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Қызылорда облысындағы бірінші энергиямен жабдықтау нысандарын аралады.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Сапардың алғашқы нысаны «Қызылорда электр тарату желілері» АҚ болды, деп хабарлайды Энергетика министрлігінің Баспасөз қызметі.

Аталған нысан 1964 жылы пайдалануға берілген. Бүгінде онда 1016 адам қызмет атқарады. Компания аймаққа электр энергиясын беру және тартумен айналысады. Қазіргі таңда облыс бойынша электр желілерінің ұзындығы 10 046,3 шақырымды құрайды, оның ішінде әуе желілері 9924,4 шақырым, кабельдік желілері – 121,9 шақырымды құрайды.

Мұнан соң министр мен облыс әкімі Қызылорда жылу электр орталығына болды. Аталған орталық 1964 жылы іске қосылған және облыс орталығын орталықтандырылған жүйелімен қамтитын бірегей нысан. Орталыққа қарасты қала бойынша жылу желілерінің жалпы ұзындығы 186,8 шақырымды құрайды.

Аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықова қос нысандағы жаңғырту бойынша энергетика министріне ұсыныстарын жеткізді.

Мұнан соң министр мен облыс әкімі Қызылорда жылу электр орталығына болды. Аталған орталық 1964 жылы іске қосылған және облыс орталығын орталықтандырылған жүйелімен қамтитын бірегей нысан. Орталыққа қарасты қала бойынша жылу желілерінің жалпы ұзындығы 186,8 шақырымды құрайды.

Аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықова қос нысандағы жаңғырту бойынша энергетика министріне ұсыныстарын жеткізді.

Сонымен қатар, энергетика министрі Жосалы кентіндегі «Жосалы» КС-220-35/10 кВ электр станциясына жүргізілген қайта жанарту жұмыстарымен танысты.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні қарсаңында «Өңірлерді дамыту» мемлекеттік бағдарламасы аясында Кармақшы ауданында электр желілері мен қосалқы станцияларды қайта жанартудың 3 жобасы бойынша жұмыстар аяқталуда екен. Оның ішінде бір жоба – «Жосалы» 220/35/10 кВ электр станциясының электр желілерін жаңғырту бойынша.

Жобаны жүзеге асыру барысында қуаты 25 МВА 220/35/10 кВ пен 6,3 МВА 35/10 кВ трансформаторлары орнатылып, 220 кВ және 35 кВ тарту құрылғысы салынатын болады. Сонымен қатар, сыртқы қондырғыларға арналған ашық тарту құрылғысын салу жоспарланады.

Сондай-ақ Нұрлан Ноғаев «Төрттен кенті және Ақай ауылдық округінің 6-10/0,4 кВ электр желілерін кенті және қайта жанарту» және «Төрттен кентінің 35/10 кВ № 22 қосалқы станциясының кеңейту және қайта жанарту» жобаларының жүзеге асырылуы барысымен танысты.

Осы жобаларды іске асыру энергия тұтыну режимдерін оңтайландыруға, қазіргі заманғы жабдықтарды қолдану және жаңа технологияларды енгізу есебінен электр энергиясының ысырабын азайтуға ықпал ететін болады, сондай-ақ 18 204 тұтынушының сапалы үндәкісі энергиямен жабдықтауды қамтамасыз етеді.

**Шаруалар мал тұқымын асылдандыруға көңіл бөле бастады**



Ақ Жайық өңіріндегі күнделікті күнкөріс мен табысын малмен айырып отырған ағайын соңғы жылдары мал тұқымын асылдандыруға көңіл бөле бастады. Сондай шаруашылықтардың бірі – Қазталов ауданындағы Жаңажол ауылдық округіне қарасты Серікжан Темірханов жетекшілік ететін «Райынбек» шаруа қожалығы.

ГҮЛБАР ДЫБЫСҚАЛИ

Қазіргі уақытта шаруа қожалығы асыл тұқымды ангус сиырларын өсіреді. Шаруашылық бұдан үш жыл бұрын Костанай облысынан 55 аналық және екі бұқа сатып алып, өткен жылы 55 бас аналықтан 50 бұзау алды. Қазір райындықтар аналық төлдерді өсіріп, еркек тайыншаларды тұқымыққа сатуда.

Қожалық жетекшісі Серікжан Темірхановтың айтуынша, ірі қара малдың ішінде ангус тұқымы өсімізді келеді. Оған өңірімізде сұраныс бар. Қыстың аяғы мен көктемнің басында туған ангус бұзаулары тез өсіп жетіледі де, күзде тіріледі салмағы 350-400 келі тартады. Жергілікті сиыр тұқымына ангус өзүканы қоссаңыз, төлі ірі болып, тұқымды бірден өзіне тартап алады.

– Ангус малы негізінен етті бағыттағы тұқым, туғанда 25 келі болған бұзауының салмағы 6 айда 180 келіден асады. Оған ерекше күтімнің қажеті жоқ. Ерте жетіледі, құнажындары 14-15 айында төлеуге дайын болады. Біздер туған төлдің аналықтары алып қаламыз да, бұқаларды мемлекеттің тапсырмасына сәйкес мал тұқымын асылдандыру үшін жеке шаруашылықтарға сатып, – деді Серікжан Темірханов.

Бүгінде мал баққан ағайынға өнімнің көрсеткіші мен сапасы бірінші кезекте тұратын болды. Соңғы жылдары қуаныштық пен құрғақшылықтың салдарынан шөптің шықпай қалуы, малдың жайылымы мен ішетін суының болмауы сол өңірде төрт түлік өсірумен айналысып отырған шаруа қожалықтарын тығырыққа тіреуде. Оның үстіне аудандағы жазық далада мал жайылымы отап біткен дала киігіннің ерекше көптігі шаруаларға қосымша соққы болуда. Соған қарамастан төрт түлік малды мыңғыртып өсіріп қана қоймай, оның өнімнің сапасына мән беріп отырған шаруашылық еңбеккерлерінің еңбегі мақтауға тұрады.





**БИЗНЕС & ҚАРЖЫ**

# бастамалар: МЕН СЕРПІНДІ АШАДЫ



таларды шығарумен айналысады. Бұл жерде инвестициялық монеталардың орны ерекше. Көп адам біле бермеуі мүмкін, бірақ сатып алған әр инвестиция монетаны – болашаққа салынған инвестиция деп қабылдау керек. Яғни өз қаражатыңызды инвестициялап, жинақтап қоя аласыз деген сөз.

Инвестициялық монеталар – жоғары сапалы алтын мен күмістен жасалады. Сынамасы – 999,9. Оларды Ұлттық банктің аймақтағы кез келген филиалынан немесе [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)

нета сарайы дайындап шығаратынын біліп жүргеннің артықтығы жоқ.

2020 жылы 26 қарашада дайын болған мәліметтер бойынша, елімізде 1 847 дана «ALTYN BARYS» және «KUMIS BARYS» инвестициялық монеталары дайындалған. Ең көп сатып алғандар – Алматы қаласы тұрғындарының есебіне келеді (613 дана немесе 33,2%), екінші орында Нұр-Сұлтан қаласы (408 дана немесе 22,1%), одан кейін Шығыс Қазақстан облысы (136 дана немесе

банктік емес айырбастау пунктерінен 3 066 құйма сатып алды. Олардың жалпы салмағы – 127,6 келі. 2017 жылдан бері 1 тоннадан астам 37 754 алтын құйма сатылды.

Бұл ретте Алматы қаласы көш баптап тұр (сатылған құймалардың жалпы санынан 53%), одан кейін Атырау (13%), Нұр-Сұлтан (11%) және бәсқа өңірлер (23%) болды.

Қазір алтын құймаларды Halyk Bank-тен, Еуразиялық банктен, Jusan Bank-тен, Банк ЦентрКредиттен,

қабылдау керек. Ұлттық банк оларды төлемнің барлық түрі бойынша қабылдауға міндетті етіп бекітті. Тауар алғанда немесе белгілі бір қызметті пайдаланғанда төлем құралы орнына пайдалануға толық қақыңыз бар.

Монеталардың техникалық өлшемдеріне келсек, салмағы, диаметрі, қалыңдығы, металл қорытпасы өзгеріссіз сақталған. Техникалық сипаттамасы жағынан олар кәдімгі 100 теңгелік монеталарға толығымен ұқсайды. Массасы – 6,45 г, диаметрі – 24,5 мм. Әр түрінен 500 000 дана, жалпы таралымы – 3,5 млн дана.

Алтыннан, күмістен және мельхиордан дайындалған «JETI QAZYNA» коллекциялық монеталары барлық жеті дала казиносының көркем бейнесін бір монетада көрсетеді.

Блистерлік жиынтық номиналы 200 теңгелік «proof-like» сапасымен мельхиор қоспасынан дайындалған бір коллекциялық монетадан және номиналы 100 теңгелік «brilliant uncirculated» сапасымен нибрасс/нейзильбер қоспасынан дайындалған жеті биколорлы айналыстағы монетадан тұрады. Бұл блистерлік жиынтықтың таралымы – 25 000 дана.

«JETI QAZYNA» коллекциялық монеталары:

- 1) 500 теңгелік номинал – «proof» сапасымен 999/1000 сынамаалы алтыннан тұрады, массасы 7,78 грамм, диаметрі 25 мм, таралымы 1000 дана;
- 2) 500 теңгелік номинал – «proof» сапасымен 925/1000 сынамаалы күмістен тұрады, массасы 777,5 грамм, диаметрі 100 мм, таралымы 250 дана;
- 3) 500 теңгелік номинал – «proof» сапасымен 925/1000 сынамаалы күмістен жасалған, массасы 31,1 грамм, диаметрі 38,61 мм, таралымы 3 000 дана;
- 4) 200 теңгелік номинал – «proof-like» сапасымен МН 25 мельхиор қоспасынан жасалған, массасы 15 грамм, диаметрі 33 мм, таралымы 25 000 дана;
- 5) 100 теңгелік номинал – «brilliant uncirculated» сапасымен нибрасс/нейзильбер қоспасынан тұрады, массасы 6,45 грамм, диаметрі 24,5 мм, әр түрінен 25 000 дана, жалпы таралымы 175 000 дана.

Номиналы 500 теңгелік – алтыннан, номиналы 500 және 5 000 теңгелік – күмістен дайындалған монеталар, номиналы 200 теңгелік – мельхиор қоспасынан дайындалған бір коллекциялық монетадан және номиналы 100 теңгелік «brilliant uncirculated» сапасымен нибрасс/нейзильбер қоспасынан дайындалған жеті биколорлы циркуляциялық монетадан тұратын блистерлік жиынтық коллекциялық құнына сәйкес сатылады.

Алтыннан және күмістен дайындалған монеталар қалыңдығы жағынан шығарылады және Қазақстан Ұлттық банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде нөмірлік сапа сертификаттамен жабықталған. «Proof-like» сапасымен мельхиор қоспасынан және «brilliant uncirculated» сапасымен нибрасс/нейзильбер қоспасынан дайындалған монеталар блистерлік жиынтықта шығарылады.

Бұл монеталар төлемнің барлық түрі бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында, олардың белгіленген құнымен қабылдануға, сондай-ақ банк шоттарына есепке жазылуға және аударылуға міндетті, Қазақстан Республикасының банкітерінде шектеусіз ұсакталады және айырбасталады.

Айналымдағы коллекциялық және биколорлы монеталар Қазақстанның теңге сарайында дайындалған.

Бағалы металдардан жасалған және блистерлік жиынтықтардағы коллекциялық монеталары сату күні туралы ақпарат Қазақстан Ұлттық банкінің ресми сайтында жарияланады. Бұл монеталары Ұлттық банктің аумақтық филиалдарынан, сондай-ақ Ұлттық банктің интернет-дүкені арқылы сатып алуға болады.



7,4%) мен Қарағанды облысы (124 дана немесе 6,7%) тұр. Ең көп сатып алынған инвестициялық монета – 1 теңгелік «KUMIS BARYS» (335 дана немесе 18,1%) пен 2 теңгелік «KUMIS BARYS» (292 дана немесе 15,8%).

сондай-ақ банктік емес айырбастау пунктерінен сатып алуға және оларға кері сатуға болады.

«JETI QAZYNA» КОЛЛЕКЦИЯЛЫҚ МОНЕТАЛАРЫ

«Дала казиносы» сериясымен шыққан «JETI QAZYNA» монеталарына қызықпаған адам аз. Жұырда ғана Қазақстан Ұлттық банкі номиналы 100 теңгелік биколорлы циркуляциялық (айналыстағы) монетаны айналымға енгізді.

Ол монеталар 7 түрде берілген – «ER JIGIT», «SULYAEEL», «QUMAI TAZU», «AQYL BILIM», «BEREN MYLTQU», «JURIK AT», «QYRAN BIRKIT».

АЛТЫН ҚҰЙМАЛАРДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ ОСАЛ ЕМЕС

Елімізде алтын құймалар да әжептәуір сұранысқа ие. Өйткені олардың да инвестициялық әлеуеті осы есебте.

Алтын құймалардың бес түрі бар: 5, 10, 20, 50 және 100 г. Ең көп сатылғаны – 10 г құйма (9 505 дана). Сатылған барлық құйманың ішіндегі оның үлесі



– 25%. Одан кейін 100 грамдық құйма – 8 524 дана (23%), 20 грамдық – 8 514 дана (22%), 5 грамдық – 6 667 дана (18%) және 50 грамдық құйма – 4 544 дана (12%).

Был қазан айында қазақстандықтар екінші деңгейлі банктен мен

Бұл монеталар айналымға тек екінші деңгейлі банктен арқылы шығарылады. Яғни айналымдағы өзге монеталармен бірге қолма-қол ақша түрінде қолданыла берелі деген сөз.

«JETI QAZYNA» сериясындағы монеталарды заңды төлем құралы ретінде

**НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ**

► «АҚБҰЛАҚ» БАҒДАРЛАМАСЫ

**БАСТЫ МАҚСАТ – САПАЛЫ АУЫЗСУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

Түркістан облысы Сайрам ауданының тұрғындары сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында биыл 4 елді мекеннің (Ақсукеңт, Оразалиев, Маңкент, Қожақорған) тозығы жеткен ауыз су жүйелері орташа жөндеуден өткізілген. Нәтижесінде ауданның 42 елді мекені 100% орталықтандырылған ауыз су жүйесімен қамтылған.

Бүгінде аудандағы 12 елді мекенде табиғи газ жүйелерінің құрылыс жұмыстары аяқталған. Көгілдір отын берілген жағдайда 27 164 тұрғын табиғи газбен қамтылған. Ал қазіргі таңда 5 елді мекенге газ беру жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, биыл автомобиль жолдарының дамытуға республикалық, облыстық және жергілікті бюджеттен қаржы қаралып, 45 жолға, яғни 89,9 шақырым жөндеу жұмыстары жүргізіліп, асфальт төселді. Бүгінгі таңда 45 нысанда жөндеу жұмыстары аяқталған. Тағы облыстық маңызы бар «КХ-3 Көксөйек – Шаян – Аққала – Сарқырма» жолының 3 шақырмы жөндеуден өтті.

Жыл қорытындысымен жалпы пайдаланымдағы жолдардың қанағатты жағдайдағы үлесін 52,7%-дан 59,4%-ға дейін арттыру көзделуде.

► ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

**АЙМАҚ ХАЛҚЫНА БЫЛТЫРҒЫДАН 9 ЕСЕ КӨП ПӘТЕР ЖАЛҒА БЕРІЛЕДІ**

Павлодар облысының әкімі Әбілқайыр Сқаков аймақтағы халыққа жыл соңында жалпы көлемі 346 мың шаршы метр болатын баспана берілетінін мәлімдеді.

«Павлодар облысы тұрғындарының жағдайын жақсартуға «Жұмыспен қамту қол қартасы» мен өзге де мемлекеттік бағдарламалар едәуір ықпал етіп тұр. Биыл 1 мың шақырым жол күрделі жөндеді. Оның бестен бір бөлігі – бұрын-соңды асфальт болмаған жолдар. Сонымен қатар, 205 мың ауыл тұрғыны таза ауыз сумен қамтылады. Жана салынып немесе күрделі жөндеуден өтіп жатқан әлеуметтік нысанның жалпы саны 200-ге жуық», – деп Әбілқайыр Сқаков ОКҚ-да өткен баспасөз мәслихатында.

Әкімнің айтуынша мектептер мен ауруханалардан өзге ауылдағы спорт алаңдары да жанартылып жатыр. «Ал, жыл соңында жалпы көлемі 346 мың шаршы метр болатын баспана талпыруды жоспарлап отырмыз. Оның ішінде жалға берілетін пәтерлер саны былтырғадан тоғыз есе көп», – деп ол. Бұдан бөлек облыс басшысы өңірдегі өндірістік кластерді дамытудың болашағы барына сенімді. Мәселен, алюминий кластері барған сайын қалыңға түсіп келе жатыр. Осы күні шикізаттан автокөлік дөңгелегі шығарылып келе, жылдан аяғында радиатор өндірісі басталады. Мыс кластерінің де даму әлеуеті жоғары. Тек Бозшакөлдін өзінде жылына 100 мың тоннадан астам металл өндіріледі. Екі бағытта да кластерлік дамыту бойынша жұмыс қызу жүріп жатыр.

► ӘЛЕУМЕТ

**МҮНАЙДЫҢ БАСЫМ БӨЛІП АТЫРАУ ӨНДІРІНДЕ ӨНДІРІЛЕДІ**

2020 жылдың оң айында Атырау облысында 39 миллион 300 мың тонна мұнай өндірілді. Бұл туралы Атырау облысының әкімі Махамбет Досмұхамбетов айтты.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұйлығы Жолдауында еліміздің және өңірдің өркендеуіне қатысты нақты тапсырмалар көрсетілген. Біздің басты мақсатымыз – нақты жұктелген міндеттерді табысты жүзеге асыру. Аталған бағыттар бойынша Атырау облысында іргелі жұмыстар жасалып жатыр. Облыстың жалпы өндіріс өнімі осы жылдың қантар-маусымында 3 триллион 930 миллиард теңгені құрады. Нақты көлем индексі – 102,2 пайыз. Ат республикамынның жалпы ішкі өнімі көлеміндегі облыстың үлес салмағы – 14 пайыз. Жан басына шаққандағы жалпы өндіріс көлемі – 6 миллион теңге», – деп өңір басшысы Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында.

Осы ретте ол Атырау өңірінің экономикалық өзге мұнай-газ секторы екенін баса айтты. «Облыстағы өнеркәсіптік өнімдегі оның үлесі 88 пайызды құрайды. Биыл 10 айда 39 миллион 300 мың тонна мұнай өндірілді. Бұл Қазақстанда өндірілген жалпы мұнай көлемінің 55 пайызы деген сөз. Облыста мұнай-газ саласы бойынша біркрат аукымды жоба жүзеге асырылып жатыр. Солардың ең ірісі – келешекте Теңіз кен орнын кеңейту жобасы. Оның жалпы құны 46 млрд доллар. Бұл жоба мұнай өндіруді жылна 12 миллион тоннаға арттыруға мүмкіндік береді», – деп Махамбет Досмұхамбетов.

Облыс басшысының айтуынша, Теңіз кен орнын кеңейту жобасына үш жүзге жуық қазақстандық компания жұмылдырылған. Қазір 27 мың адам жұмыс істеп жатқан іргелі жобаны 2020 жылы іске қосу жоспарланатын отыр. «Жобаның 80 пайызы дайын. Мұнай-газ саласындағы тағы бір ауқымды жоба Қашағаннан да маңызды күннен күнге артып келеді. Онда осы жылдың 10 айында 12 мың 700 мың тонна мұнай өндірілді», – деп Атырау облысының әкімі.

kz интернет-дүкені арқылы алуға болады.

Инвестициялық монетаның өзгелерден ерекшеленетін тұсы:

- таралымына шектеу қойылмайды;
- «proof» технологиясыз дайындалады;
- монета жасалған металдың нарықтағы құны мен салмағына қарай кіріс (табыс) еселенді және қосылған құнына қосымша салық салынбайды;
- монеталар қанша жерден бұлінсе де Ұлттық банк оны кері сатып ала береді, себебі монетаның бағасы металдың салмағына қарай есептеледі. Ол туралы Ұлттық банктің сату және сатып алу ережесінде де анық көрсетілген.

Инвестициялық монета – әлемдік тәжірибеде бар дүние. Кәдімгі брендке айналған өгіткі монеталардың ішінде – онтустикафрикалық «Крогерранд» пен АҚШ-тың «Америка бүркіті» бар. Сондай-ақ Аустрияның «Вена филармониясы» мен Қытайдың «Пандасын» да айтуға болады. Ал, қазақ елінде пайда болған алғашқы инвестициялық монета «Жібек жолы» деп аталады. Олар 1996 жылы айналымға шыққанымен, кейін, 2009 жылы дизайны өзгеруіне байланысты «Алтын барыс» пен «Күміс барыс» деген атаумен инвестициялық монеталар шыға бастады. Оларды Қазақстан мо-

# БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

## ШОЛУШЫ БАҒАНЫ



Жетпісбай БЕКБОЛАТУЛЫ, ал-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры  
e-mail: Zhetpisbay.Bekbolatuly@kaznu.kz

### Нарық бағамдары: Валюта әліптің артын бағуда

Саясат пен әлеуметтің қас-қабағын кірпік қақпай қалаған отыратын майталмандар үшін құбыла іспетті бүгінгі валюта бағамдарының өзгерістерін «қысқа күнде қырық құбылады» деген теңеу арқылы бейнелеуге болар. Мәселен, сыртқы валюта нарығына келсек, жаздың күзге ұласқан тұсында әсіресе кеткен дамыған және дамушы нарықтар валюталарының коронавирусына қарсы әзірленген вакцинаның 90 пайыз тиімділігі туралы үстіміздегі қарашадағы хабарламалар мен АҚШ-тағы президенттік сайлауда Джо Байденнің жұдызы жаңуы аясында нығайғаны байқалады. Ал, өткен айды бір АҚШ доллары үшін 427,9 денгейінен бастаған теңге желтоқсанның алғашқы жұдызында 425,5 денгейге жетті. Теңгенің он серпіні қолайлы сыртқы коңықонтура, сондай-ақ экспорттаушылардың салық төлемдерін жүзеге асыру үшін шетел валютасын сатуы ауқымдына орын алуға. Дегенмен, «ауыз күйген үріп ішінді» көбін киген нарық майталмандары әліптің артын бағуда.

Қарашаның соңындағы сыртқы жағдайлар жаһандық төуекелдің жақсаруымен сипатталып, отынаға деген сұраныстың жедел қалпына келуі мұнай құлемдерін артуына себепкер болды. Brent эталондық сұрылты мұнайдың әлемдік бағасы бірнеше күн қатарынан өсіп келеді және Азия нарықтарында орын алған жұрыдағы сауда-саттық барысында бір баррель үшін 48 АҚШ доллары белгісінен асты. Осыған орай Норвегия кроны мен Канада доллары сияқты шикізат елдерінің валюталары аптаның басынан бастап 1,3 пайызға және тиісінше 0,6 пайызға нығайды. EIA энергетикалық агенттігінің мәліметтері бойынша АҚШ-тағы мұнай қоры артып келеді. Мәселен, өткен айдың басынан АҚШ-та шикі мұнай қоры барреліне 484,4 млн-нан 489,5 млн-ға дейін өсті, мұның өзі нарықта валюта ұсынысын едәуір күшейте түсті. Сөйтіп, біржардағы сауда көлемі 170 млн долларға жетті, бұл қарашада біржала тіркелген күндізгі орта көлемнен 1,5 есе көп дегенді көрсетеді. Дамушы елдердегі валюталар сыртқы нарықтағы жағдайларға мейлінше жақсы әсер етіп отыр. Апта басында онтүстік африкалық ранд 1,3 пайызға бекісе, Ресей рублі 1 пайызға, Мексика песосы 0,3 пайызға нығая түсті. Бұл жерде рубльдің өзі экспорттаушылар тарапынан түскен салық есебінен бекіп отыр. Ал теңге сыртқы және ішкі факторлардың жайылығанынан, одан қалды төуекел мен нарықтағы энергетикалық ресурстардың жағымды жаңалықтарының және жер қойнауын пайдаланушылар тарапынан түскен көлемді салықтардың арқасында нығайып тұр. Бұл жерде мұнай бағасының көтерілуі оны тұтыну денгейін дер кезінде қалпына келтіруге себепші болып жататынын айта кету керек. Дегенмен АҚШ-тағы мұнай қорының есебі көрсетіп келгендей, тұтыну көлемі болжалды денгейге көтеріле алмай отыр. Сол себепті шыншайы тұтынымын шамасына қарай көмірсутек бағасында өзгерістер еніп тұруы мүмкін. Міне, осындай ахуалда дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні әрқилы қалыптасуда.

